"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 582 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Өкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына:

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Као Стефано - "Эни" компаниясының барлау және өндіру жөніндегі бас өндірістік директоры

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы

Хитч Джеймс - "Бейкер және Маккензи ТМД Лтд" компаниясының басқарушы серіктесі

енгізілсін;

"Тиллерсон Рекс - "ЭксонМобил" корпорациясының аға вице-президенті"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиллерсон Рекс - "ЭксонМобил" корпорациясының президенті және басқарма мүшесі";

көрсетілген Кеңестің құрамынан: Гутброд Макс, Досаев Ерболат Асқарбекұлы, Марченко Григорий Александрович шығарылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК